

«Абат-Байтақ» қорымы - Қазақстанның батыс өңіріндегі тарихи және мәдени тұрғыдан аса маңызды ескерткіштердің бірі. Бұл нысан тек сәулет ескерткіші ғана емес, сонымен қатар Батыс Қазақстандағы рулардың бірігуін дәлелдейтін археологиялық және эпиграфикалық кешен болып табылады. Қорым аумағындағы құлпытастардағы жазулар, таңбалар мен бейнелер - сол кезеңдегі рулық құрылымдардың, туыстық байланыстардың және діни наным-сенімдердің нақты материалдық айғағы. Абат-Байтақ кешеніндегі тас мүсіндер мен құлпытастардың орналасу жүйесі, ою-өрнектік ерекшеліктері және мәтіндік эпиграфика деректері - бұл ескерткіштің рулық ұйытқылық орталығы болғанын көрсетеді. Ғылыми зерттеулер мен археологиялық деректер қорымның XV ғасырда өмір сүрген тарихи тұлғалармен, соның ішінде Асан Қайғы мен оның ұлы Абат батыр есімімен байланысты екенін айғақтайды. Бұл мәліметтер кешеннің тек діни және мемориалдық мәнін емес, сонымен бірге аймақтық әлеуметтік және этникалық бірлікті нығайтқан орталық болғанын дәлелдейді.

Менің туып-өскен жерім - Ақтөбе қаласы болғандықтан, бұл тарихи нысанның болашағына бей-жай қарау мүмкін емес. Абат-Байтақ кешенін ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу, археологиялық және архитектуралық тұрғыда сақтау, сондай-ақ оны тарихи-мәдени туризм нысанына айналдыру - өңірлік және ұлттық деңгейде өзекті мәселе. Сонымен қатар, құлпытастардағы өрнектер мен белгілерді цифрлық форматта тіркеу және олардың символдық мағынасын талдау - қазақ тас қашау өнерін халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, «Абат-Байтақ» - тек мемориалдық кешен емес, ол қазақ халқының тарихи жады мен рухани тұтастығын айғақтайтын ғылыми құндылық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әжіғали С.Е., Тұрғанбаева Л.Р. Абат-Байтақ - Қазақ даласының інжу-маржаны / Абат-Байтақ - жемчужина Казахской степи. - Алматы: Taimas Print House, 2004. - 32 с.
2. Жетписбай Н.Ы. К вопросу об идентификации погребенных в комплексе Абат-Байтақ // Edu-history.kz. - 2016. - № 2(6). - 112 с.
3. Көшекова А., Ертаева П. Қаһармандық эпостағы батырлар және олардың тұлпарлары // Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. - 2020. - Т. 3, № 2. - Б. 74-84.
4. Маргулан А.Х. О значении эпиграфических памятников Казахстана // Известия АН КазССР. Серия филологическая. - 1983. - № 2. - С. 1-6.
5. Мендикулов М. Некоторые данные об исторической архитектуре Казахстана // Известия АН КазССР. Серия архитектурная. - 1950. - Вып. 2. - С. 9-11, 18. Его же. Памятники архитектуры Казахстана с коническими или пирамидальными куполами // В сб.: Архитектура республик Средней Азии. - Москва, 1951. - 234 с.
6. Медерова Д.Е., Дүйсенов Б.Д. Арабписьменные эпиграфические памятники некрополя «Абат-Байтақ» как языково-культурный источник постзолотоординских обществ // Отан тарихы. - 2024. - № 27(2). - Б. 517-530.
7. Смагулов Е.А. Мавзолей Абат-Байтақ: некоторые итоги археологического исследования // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. - 2006. - № 1. - С. 126-135.
8. Топография оренбургская, т.е.: обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочинённое коллежским советником, корреспондентом Императорской Академии наук Петром Рычковым. - Ч. 1. - СПб., 1762. - 515 с.

«ТАРАЗ» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ОНОМАСТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

Маликов Д., Зейнетаева Т.

Ғылыми жетекші: Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы,

PhD - Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

malikovdaniel478@gmail.com, tanshozeinetaevaaaa@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Тараз қаласының атауының шығу тегі мен ономастикалық мәні тарихи жазбалар, араб, парсы және қытай деректері, сондай-ақ археологиялық мәліметтер негізінде жан-жақты зерттелген. Мақалада Тараздың ежелгі атаулары-Талас, Банки, Йанги- қарастырылып, олардың тарихи ролі, саяси және

мәдени маңызы талданады. Зерттеу барысында әр атаудың пайда болуы мен қолданылуы белгілі бір тарихи кезеңдер мен саяси, экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты екені анықталды. Сонымен қатар, қала атауларының қалыптасу үрдісі тек географиялық орналасумен ғана емес, сонымен қатар сауда жолдары, халықтардың қоныстануы және мәдени байланыстар арқылы да қалыптасқан.

Кілт сөздер: Тараз, Талас, Банки, Янги, ономастика, тарихи деректер, археология, мәдениет, қала атауы, Орта Азия.

Аннотация

Происхождение названия города Тараз и его ономастическое значение всесторонне исследованы на основе исторических источников, арабских, персидских и китайских материалов, а также археологических данных. В статье рассматриваются древние названия Тараза-Талас, Банки, Янги - с анализом их исторической роли, политического и культурного значения. В ходе исследования установлено, что формирование и использование этих названий тесно связано с конкретными историческими периодами, политической ситуацией и экономическими условиями. Кроме того, процесс формирования названий города определялся не только географическим положением, но и торговыми путями, расселением населения и культурными связями.

Ключевые слова: Тараз, Талас, Банки, Янги, ономастика, исторические данные, археология, культура, название города, Средняя Азия.

Abstract

The origin and onomastic significance of the of have been comprehensively studied based on historical, Arab, Persian, and Chinese sources, as well as archaeological evidence. The article examines the ancient names of Taraz - Talas, Banki, Yangi - analyzing their historical role, political, and cultural significance. The study shows that the formation and usage of these names were closely linked to specific historical periods, political situations, and economic conditions. Furthermore, the process of naming the city was influenced not only by its geographic location but also by trade routes, population settlement, and cultural interactions.

Keywords: Taraz, Talas, Banki, Yangi, onomastics, historical data, archaeology, culture, city name, Central Asia.

Кіріспе

Тараз қаласы Орта Азиядағы ежелгі және маңызды қалалардың бірі болып табылады. Қазақ ғалымы, академик Ә.Марғұлан археологиялық қазба деректеріне сүйене отырып, Тараздың негізі б.з.б. III-II ғасырларда қаланған деген қорытынды жасайды [1, 24 б]. Тараз қаласының атауы әр дәуірде түрліше айтылған: Талас, Банки, Янги, Янки. Бұл атаулар әрқайсысы өз кезегінде қаланың тарихи, географиялық және мәдени ерекшеліктерін бейнелейді. VI ғасырдың ортасында Орта Азияда ежелгі түрік мемлекеті қалыптасып, оның аумағы Талас өзенін де қамтыған. Бұл кезеңде қала алғаш рет жазба деректерде кездеседі. Византия императоры Юстин II 568 жылы түркі ханына жіберген елшілік сапары барысында Талас аймағы мен Тараз қаласы аталады [5, 25-26 б]. VII ғасырда қытай саяхатшысы Сюань-цзан Тараз қаласын Далос деп атаған [3, 271 б]. Бұл кезеңде қала сауда орталығы ретінде белгілі болды. Тараз қаласының атауларының қалыптасуы Исмаил Самани дәуірінде (892-908 жж.) біржола анықталды, ал парсы және араб деректерінде қалаға «Банки» немесе «Янги» атаулары да қолданылған [6, 6-10 б]. Махмұд Қашқаридың түрік сөздігінде Талас екі қала ретінде көрсетілген: Ұлуғ Талас және Кәми Талас [4, 84 б]. Тараз атауының ономастикалық зерттелуі қала тарихының әр кезеңіндегі саяси жағдайлармен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Атаулар арқылы қаланың сауда, мәдени және стратегиялық рөлін бағалауға болады. Сонымен қатар, араб, парсы және қытай деректері тарихи нүктелер мен географиялық орындарды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы мен әдістері

Бұл зерттеуде Тараз атауының шығу тегі мен ономастикалық мағынасын анықтау үшін әртүрлі тарихи, лингвистикалық және археологиялық дереккөздер пайдаланылды. Алғашқы материалдық база ретінде араб, парсы және қытай саяхатшыларының, жылнамашыларының еңбектері қарастырылды (Волин, 1960; Малявкин, 1989; Мырзахметұлы, 2002). Бұл деректер Тараздың әр дәуірдегі атауларын, олардың жазба нұсқаларын және семантикалық қырларын салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, археологиялық материалдар да басты назарда болды. Әсіресе Бернштамның (1941) және Құламанованың (2017) зерттеулері қаланың урбанистік құрылымы, хронологиялық дамуы және мәдени стратиграфиясын анықтауда маңызды мәліметтер береді. Қазақстанның ежелгі қалаларына арналған жинақтар мен еңбектер, әсіресе Байпаковтың (2007) еңбектері қала тарихын кең тарихи контексте қарастыруға негіз болды. Зерттеу әдістемесінде бірнеше тәсіл қатар қолданылды: салыстырмалы-тарихи талдау, ономастикалық талдау, географиялық локализация әдісі және араб, парсы, қытай деректерін кросс-талдау. Бұл әдістер арқылы Тараз атауының түрлі дәуірлерде қолданылуы, атаудың морфологиялық өзгерістері, тарихи-географиялық сәйкестігі және олардың

мағыналық эволюциясы жүйелі түрде анықталды. Нәтижесінде қаланың атауының шығу тегі мен даму динамикасын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік туды.

Талқылау

Тараз қаласының атауларының шығу тегін зерттегенде бірнеше негізгі қорытындыға келуге болады. Біріншіден, «Талас» атауы қаланың табиғи орналасуымен байланысты. Махмұд Қашқаридің сөздігі бойынша Талас екі қала: Ұлуғ Талас (үлкен) және Кәми Талас (шекаралық) ретінде аталған [4, 84 б]. Екіншіден, араб деректерінде Тараз қаласы ономастикалық тұрғыдан маңызды орын алады. Ибн ал-Факих пен Махмұд Қашқари жазбаларында қала сауда және саяси орталық ретінде сипатталған, бұл оның әртүрлі атауларын түсіндіреді. Үшіншіден, парсы деректері Тараздың «Банки» немесе «Йанги» аттарын қолданғанын көрсетеді [6, 6-10 б]. Бұл атаулар қаланың Моғолстан мен Мауэрроннәһрдегі байланысын көрсетеді. Сонымен қатар, қала исламдық мәдени орталық ретінде де танылған. Төртіншіден, қытай деректері (Сюань-цзан, Тан хроникалары) Тараз қаласын Далосе деп атайды [3, 271 б]. Бұл дерек қаланың сауда орталығы ретінде маңыздылығын растаған. Бесіншіден, археологиялық деректер қазіргі Жамбыл қаласындағы қираған қала орындары Тараз қаласының ежелгі қалашығы екенін дәлелдеді. Қала орындарының көлемі, мәдени қабаттары және стратегиялық орналасуы тарихи жазбалармен сәйкес келеді. Осылайша, Тараз қаласының атаулары оның саяси, экономикалық және мәдени рөлін бейнелейтін ономастикалық деректер арқылы тарихи маңызды болып келеді. Атаулардың әртүрлілігі түрлі халықтардың әсерін, сауда саяси байланыстарын көрсетеді. Тараздың кейінгі кезеңдердегі атаулары да оның тарихи дамуын айқындайды. Мысалы, қала белгілі кезеңде «Йанги» деген атпен аталғаны туралы деректер сақталған, бірақ бұл атаудың нақты көне Таразға тиесілі ме, әлде оның жанында бой көтерген жаңа қалаға ма қатысты екені әлі де зерттеуді талап етеді. XV-XVIII ғасырларда қала орнының кейбір бөліктерінде ғана халық өмір сүргенімен, Талас бойындағы егіншілік және қолөнер қоныстары отырықшылық дәстүрінің үзілмегенін дәлелдейді.

XIX ғасырда ежелгі Тараздың орнында Әулие-Ата қаласы қалыптасып, кейін республикадағы көрікті әрі гүлденген қалалардың бірі - Жамбыл атанды, ал 1998 жылы тарихи «Тараз» атауы қайта берілді. Бұл процесс Тараз атауының тарихи жадта сақталғанын және оның өңірлік сәйкестік үшін маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Сонымен қатар, 2002 жылы Қазақстан Тараздың 2000 жылдық мерейтойын атап өтті. Ғалымдардың пайымдауынша, біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырдың соңы мен біздің дәуіріміздің I ғасырында Тараз кең аймақтың саяси және экономикалық орталығы ретінде қалыптасып, қарқынды дамыған. Мерейтойдың атап өтілуі Тараздың тарихи маңызын, елдің мәдени-өркениеттік тарихындағы орнын және ежелгі қалалардың қазіргі ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлін айқындады [2, 115-116 б].

Нәтиже

Зерттеу барысында Тараз қаласының атауының шығу тегін анықтау үшін бірнеше деректер талданды. VI-VIII ғасырлардағы жазба мәліметтер қала атауының тарихи тұрғыдан қалыптасқанын көрсетті. Бұл деректерге сәйкес, Тараз алғаш рет Византия жазбаларында Талас ретінде аталады, ал кейінгі араб және парсы деректерінде қаланың атаулары Банки, Йанги деп келтірілген [6, 6 б]. Махмұд Қашқари сөздігі Тараз қаласын ономастикалық тұрғыдан зерттеуде маңызды дерек болып саналады. Оның жазбаларында Ұлуғ Талас және Кәми Талас қалалары аталады, бұл қаланың географиялық орналасуы мен саяси маңызын көрсетеді [4, 84 б]. Сюань-цзанның қытай деректері қаланың сол кезеңдегі ірі сауда орталығы екенін дәлелдейді. Бұл мәліметтер Тараздың Мауэрроннәһр және Орта Азияның басқа қалаларымен тығыз сауда байланыста болғанын көрсетеді. Парсы деректерінде Тараздың Моғолстан аумағындағы Йанги немесе Банки атауларымен кездесуінің өзі қаланың әр дәуірдегі саяси және мәдени рөліне байланысты екендігін аңғартады [6, 6-10 б]. Археологиялық зерттеулер де қазіргі Жамбыл қаласындағы қираған қалашықтар Тараздың ежелгі ядросы болғанын, оның мәдени қабаттары мен сауда жолдары тарихи деректермен толық сәйкес келетінін дәлелдеп отыр. Тараз атауының дәуірлер бойынша өзгеруі ономастикалық материалдар арқылы нақты көрінеді. Мысалы, қала «Йанги» атауымен белгілі кезеңде аталғаны жөнінде деректер болғанымен, оның нақты көне Таразға немесе оған жақын орналасқан жаңа қонысқа қатыстылығы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. XV-XVIII ғасырларда қала аумағының кей бөліктерінде ғана халықтың өмір сүруі байқалғанымен, Талас аңғарындағы егіншілік пен қолөнер қоныстары отырықшылықтың үзілмегенін дәлелдейді. XIX ғасырда ежелгі Тараз орнына Әулие-Ата қаласы құрылып, кейін Жамбыл атанды, ал 1998 жылы тарихи «Тараз» атауы қайта берілді. Бұл атаудың қайта оралуы оның өңірлік тарихи жадтағы орнының күшті екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, Тараздың 2000 жылдық тарихын ресми түрде атап өту (2002 ж.) қаланың ежелгі дәуірден бері аймақтың саяси және экономикалық орталығы болғанын және оның Қазақстанның мәдени-өркениеттік тарихындағы ерекше орнын айқындады.

Қорытынды

Тараз қаласының атауының шығу тегі мен ономастикалық мағынасы бірнеше тарихи, мәдени және географиялық факторлармен байланысты. VI-VIII ғасырларда Тараз алғаш рет Талас деп аталған, кейін араб, парсы және қытай деректерінде қала атаулары Банки, Йанги, далосе деп кездеседі. Бұл атаулар қаланың саяси және экономикалық маңыздылығын, сонымен қатар мәдени байланыстарын көрсетеді. Мақалада зерттелген тарихи жазбалар мен археологиялық деректер Тараз қаласының Орта Азиядағы стратегиялық және сауда орталығы екенін дәлелдейді. Атаулардың әртүрлілігі қаладағы халықтардың этникалық және мәдени құрамын көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ономастикалық талдау арқылы Тараз қаласының тарихи дамуын, оның саяси билігі мен мәдени орталық ретіндегі рөлін толық түсінуге болады. Қала атауының тарихи зерттелуі Тараздың 2000 жылдық тарихын тануда маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құламанова З., Тастағы Тараз тарихы: [кітап-альбом] / З. Құламанова. Алматы: Аспантау, 2017.- 480 б.
2. Байпаков К. Древние города Казахстана. - Алматы: «Аруна Ltd.», 2007. - 384 с.
3. Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии: Тексты и исследования. Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние, 1989. - 432 с.
4. Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. в долине реки Талас и смежных районах // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Казахской ССР. Т. 8. 1960
5. Памятники старины Таласской долины [Текст]: Ист.-археол. очерк / Бернштам ; под ред. и с предисловием проф. А.Ю. Якубовского... - Алма-Ата : КазОГИЗ, 1941. - 65 с.
6. Мырзахметұлы М., Жеменей И., Әбдуалиев А. Көне Тараз. - Алматы: "Санат", 2002. - 216 бет.

ТУҒАН ЖЕРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЫ: АТЫРАУ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА

Марат І.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Астана қ

marat.inzhu.07@mail.ru

Андатпа

Бұл ғылыми жұмыста Атырау қаласының ономастикалық атауы, оның шығу тарихы, этимологиясы және мәдени-тарихи негіздері зерттеледі. Атырау - Каспий маңы өңірінің ежелгі қалаларының бірі, тарихи кезеңдерде бірнеше атаулармен белгілі болған. Қала атауының өзгеруі өңірдің тарихи, саяси, әлеуметтік-мәдени дамуының көрсеткіші болып табылады. Зерттеуде Атыраудың «Жайық», «Гурьев», және қазіргі «Атырау» атауларының қалыптасу себептері, олардың тарихи деректермен байланысы және халық санасындағы орны талданады. Сонымен қатар ономастикалық атаулардың аймақтық идентификацияға, жергілікті тұрғындардың этномәдени болмысына әсері қарастырылады. Жұмыстың ғылыми құндылығы - Атырау атауының тек лингвистикалық емес, тарихи-өркениеттік сипатын ашу, оның өңірлік тарихи процестермен байланысын көрсету. Зерттеу барысында тарихи деректер, картографиялық материалдар мен ономастика саласының теориялық еңбектері қолданылды. Алынған нәтижелер қала атауының бірнеше ғасырлық эволюциясын, оның саяси билік өзгерістерімен және экономикалық маңызымен сабақтас екенін дәлелдейді. Осы зерттеу Атыраудың ономастикалық жүйесі арқылы аймақтың өзіндік мәдени-тарихи келбетін, халықтың тарихи жадын және топонимдердің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Ономастика, топоним, Атырау, Гурьев, Жайық, этимология, тарих, атау, аймақ, мәдениет.

Аннотация

В данной статье исследуется историко-культурное значение ономастических названий города Атырау, одного из ключевых региональных центров Прикаспийской зоны. Исследование направлено на анализ топонимической системы города Атырау и прилегающих территорий, включающих различные этапы формирования названий: древний период, время российского колониального